

2009 жылы жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 19 қаңтардағы N 16 қаулысы. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 ақпанда N 56 тіркелген. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 17 ақпандағы N 26/1-28/73 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2011.02.17 N 26/1-28/73 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабына , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 19 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, жұмыссыздардың еңбек нарығындағы бәсекелестікке төтеп беру қабілетін арттыру мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Жұмыссыздарды кәсіби даярлауға және олардың біліктілігін арттыратын жұмыстарды ұлғайту аудандық бюджеттен қаржыны игерсін.

2. "Ақтоғай ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі " Жұмыссыздарды кәсіби даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру" 002 бағдарламасы бойынша аудандық бюджетте бекітілген қаржы көлемінде мерзімінде қаржыландыруды қамтамасыз етілсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. З. Ысқақоваға міндеттелсін.

Аудан әкімі

М. Көбенов